

Наибольшая численность отмечена для двух видов: *Alcis bastelbergeri* и *Aspitates acuminaria*. По предварительным данным, следует отметить, что видовой состав пяденицы данной территории увеличится.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Staudinger O. Catalog der Lepidopteren des Palaearktischen Faunengebietes. Vol. 1. Macrolepidoptera. – Berlin. 1901. – 411 pp.
- 2 Вийдалепп Я.Р. Фауна пядениц гор Средней Азии. – М.: «Наука», 1988. – 240 с.
- 3 Jaan Viidalepp. Checklist of the Geometridae (Lepidoptera) of the former U.S.S.R. -Stenstrup: Apollo Books, 1996. – 111p.
- 4 Нурмуратов Т.Н. Насекомые – вредители саксаула: автореферат диссертации, канд. биол. наук. – Алма-Ата, 1971. – 32 с.
- 5 Нурмуратов Т.Н., Линский В.Г., Таранов Б.Т. Видовой состав насекомых, обитающих на пастбишной растительности пустынь юго-восточного Казахстана // Сб. научных трудов «Борьба с насекомыми кормовых культур и пастбищных растений» – Алма-Ата, 1987. – 13–38с.
- 6 Hausmann A. The geometrid moths of Europe. Vol. 1. Introduction, Archiearinae, Orthostixiinae, Desmobastrinae, Alsophilinae, Geometrinae. Stenstrup: Apollo Books, 2001. – 282 pp.
- 7 Hausmann A. The geometrid moths of Europe. Vol. 2. Stenstrup: Apollo Books. – 600 pp.

АҚБӨКЕНДЕРДІҢ ТАРАЛУ АЙМАҒЫ ЖӘНЕ КӨБЕЮ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

REGIONS OF SAIGA DISTRIBUTION AND FEATURES OF THEIR BREEDING

Нургазина А.С., Махашева А.С.

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік өңірлік университеті, Ақтөбе қ.,
КазГЗУ колледжі, Ақтөбе қ., e-mail: aigerim_aral@mail.ru*


Қазіргі таңда мемлекетіміздің аса маңызды міндеттерінің бірі экологиялық жүйелердің биологиялық алуантүрлілігін сақтау болып табылады. Елімізде мемлекеттік табиғи резерват үшеу болса, солардың ішіндегі көлемі жағынан ең үлкені «Ырғыз-Торғай» мемлекеттік табиғи резерваты.

«Ырғыз-Торғай» мемлекеттік табиғи резерваты Ақтөбе облысының оңтүстік шығысындағы Ырғыз ауданында орналасқан. Бұл мемлекеттік мекеме ҚР Үкіметінің 14 ақпан 2007 жылғы №109 қаулысымен құрылған болатын [1]. Резерваттың құрылуындағы негізгі мақсат табиғатты қорғау, жануарлар әлемін және соның ішінде маңыздысы саны азайып бара жатқан ақбөкендерді қорғау, көбейту жолдарын іске асыру болып табылады. Резерваттың негізгі аумағы Нұра, Тәуіп селолық округтерінің аймағын алып жатыр. Резерваттың аумағы 763 549 га алып жатса, оған 269 мың га жерді алып жатқан Торғай зоологиялық территориясы бекітіліп берілген. Барлық Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ауданы 1463 511 га жерді алып жатыр. Қазіргі таңда бұл өлке сулы-батпақты және биологиялық алуантүрлілікті сақтап қалудың негізгі факторы болып табылады. Қазіргі Ырғыз-Торғай көлдер жүйесі маңызды орнитологиялық территориялар тізіміне және 8 көл республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар қатарына енгізілген [2].

ЕҚТА-ң биологиялық алуантүрлілігіне келетін болсақ, құстардың 250 түрі, оның 32-і ҚР Қызыл кітабына енген, сүтқоректілердің 42 түрі, оның 2-і ҚР Қызыл кітабына енген, қосмекенділердің 4 түрі, балықтардың 8 түрі, өсімдіктердің 402 түрі, оның 4-і эндемик, 1-і ҚР Қызыл кітабына енген. Осы биологиялық алуантүрліліктің ішінде ерекше қорғауға алынған, Халықаралық Қызыл кітапқа енген түр – жұптұяқтылар отрядына жататын киік болып табылады.

Ақбөкен немес киік (сайгак, *Saiga tatarica*) көшпелі жұптұяқты жануар. 1950 жылдары 2 миллионнан астам киік болса, 1990 жылдары апаттық деңгейге дейін төмендеп, 30 мың дарағы ғана қалған[3].

ҚР Зооинститутынан алынған мәліметтер бойынша киіктердің өсу көрсеткішінің диаграммасын жасадық (1 сурет). Киіктердің саны 2007 жылы 22,8 мың болса, 2012 жылы 110 мың дараққа жеткен.



1-сурет

ЕҚТА аумағы ақбөкендердің өсіп өнетін, күйекке түсетін, төлдейтін және жазғы, қысқы мекені болып табылады. Осы киіктерді қорғау мақсатында ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі орман және аңшылық шаруашылық комитетінің 2005 жылғы 22 қыркүйектегі №206 және ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2010 жылғы 10 қарашадағы №704 бұйрығымен ҚР аумағындағы киіктерді 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейін алуға тыйым салынды.

Киік киелі жануар. Себебі ақылды және қандай табиғи орта болса да бейімделеді және миллиондаған жылдар бойы тұқымын сақтап келеді. Олар жұптұяқтылар отрядының бөкендер туысына жатады. Ол ірі, қойға ұқсас, дөңес тұмсықты, күйіс қайыратын дала жануары. Біздің елімізде киіктердің бір-бірінен бөлінген Бетпақдала-Арыс, Үстірт және Еділ-Жайық деген топтары мекендейді. Текелерінің дене тұрқы 126–150 см, салмағы 37–49 кг, ал ешкілері кішірек, дене тұрқы 109–127 см, салмағы 22–37 кг болады. Үстіңгі ерні салбырап, етті тұмсыққа айналған. Текесінде қайқы мүйізі болады, ал ешкісінде мүйіз болмайды. Жаз айларында арқа тұсы сарғыш тартады, қыста түсі ақшылданады. Олар шөл, шөлейтті және далалы аймақтарда мекендейді. Киіктер жұптұяқтылардың ішінде тез өсетіні, жылына 1 рет төлдейді. Ақбөкендердің жаппай төлдеуі мамырдың 1-ші жартысында өтеді. Осы кезде күн салқындап, дауыл болып, жауын-шашын көп жауады. Осыны қазақтар «Құралайдың салқыны» деп атайды. Көбіне егіз немес 3 лақтан туады[4].

Ақбөкендер еліміздегі мекендейтін аймағындағы 90-ға жуық өсімдік түрлерімен қоректенеді. Киіктердің басты жауы қасқыр. Кейде жас төлдеріне жыртқыш құстар шабуыл жасайды.

Ұрғашы киіктер текелерге қарағанда майды көп жинай алмайды. Күйек кезінде орташа ғана семіреді де, төлдер алдында 4,5 келідей іш май жинайды. Бірақ лақтарын емізген кезде тез арықтайды. Құралайдың енесі басқа жануарлар сияқты лағының шаранасын жалап аршымайды, шарана жауынның суымен шайылып кетеді немесе жел қағып, кеуіп барып түседі. Жаңа туған лақтар жарты сағаттан кейін енесін еміп, екі-үш сағаттан соң аяқтанып кетеді, ал туғанына екі күн болған құралайды машинамен қуып жете алмайсыз.

Енесі алғашқы сағаттарда лақтарын емізген соң, біршама қашықтыққа ұзап, алыстан бақылап жүреді. Егер жыртқыштар пайда болып, қауіп төне қалса, лақтарының маңынан аулаққа қашып, ол жерден алып кетуге тырысады. Табиғаттың барлық заңдылықтарын іште жатып үйренген құралайлар енесі қасында жоқ кезде ешқандай тіршілік нышанын сездірмей, жыбырламай жатады. Лақтардың қоңыр бұйра терісі топырақтың түсімен бірдей болып көрінеді, екі-үш метр жерден қарасаңыз, жатқан бір төмпешіктер

екен деп қаласыз. Мындаған жылдар бойы дала жыртқыштарынан, адамдардан қашып жүріп, жан сақтауға әбден бейімделген киіктердің тағы бір ерекшелігі – ешқашан жетім қалған лақтарын далаға тастамайды. Далада келе жатқан кез-келген киік жолынан маңырап шыққан құралайды кездестіре қалса, жанына барып емізіп, өзімен ертіп кетеді. Киіктің лағы екі-үш күннің ішінде отығып кетеді. Алғашында ол көзіне түскен шөпті қармайды, бір аптадан соң ғана шөптің дәмін алып, таңдап жеуге көшеді. Жас туған киіктер лақтарын он-он бес күндей суат басына апармайды, оларды алысқа тастап, тек өздері ғана келеді. Бұл уақытта құралай тек енесінің сүтін ішеді, бір-бір жарым аптадан соң табынмен суатқа келіп, алғаш судың дәмін татады.

Көктем шыға, солтүстікке қарай жылжитын қалың табын жылдың бұл мезгілінде суаттарды көп іздей бермейді. Олар жаңа өнген шөптің нәрімен, таңғы түскен шықпен сусындайды. Жауынды күндері апталап су ішпей жүре береді. Киіктер Аралдың, Балқаштың тұзды суларын іше береді. Қыстың қарсыз күндері мұз жалап, шөлін қандырады. Әдетте табынды суат басына ұрғашы киік бастап келеді. Алдымен жан-жағына оскырана қарап, біраз уақыт айналаны бақылайды. Қалғандары «команда» болмай суға беттемейді, алдымен бастап келген киік су ішеді, содан кейін қалғандары азан-қазан маңырап келіп, суға бас қояды. Текелері суатқа ең соңынан келеді. Ақбөкен 1 минутта суды 12 рет жұтады екен және суды ұзақ сораптап ішпейді, 1,5–3 минуттың ішінде шөлін қандырады да, келген даласына қайта зымырайды.

Зоолог мамандардың айтуынша, киіктердің басқа жануарларға ұқсамайтын тағы да бір ерекше қасиеті бар екен. Ұрғашы киіктер дүниеге әкелетін лақтарының еркек немесе ұрғашы болып тууын өздері реттейтін көрінеді. Егер араларында текелері азайып, ұрықтандырып үлгермей жатса, сол жылы табында кілең еркек лақтар қоздайды. Киіктер осылайша өз өсімін өздері бақылап отырады екен. Ақбөкендердің табыны жыл сайын лақтармен толықтырылып отырады. Осы кезде туған шібіштер (ұрғашы лақ) алты айдан кейін күйлеп, текеге шыға береді. Енді алты айдан кейін бұл шібіштер табынға қос-қостан лақ әкеледі. Ал еркек лақтардың жөні басқа, олар жетіліп, текелік жасау үшін 19 ай уақыт керек, өзімен бірге туған шібіштер бір рет лактағаннан кейін, келесі жылдың күйегіне ғана араласады[2].

Ақбөкендер дәмді етімен, пайдалы мүйізі және тұяғымен, әдемі терісімен ерекшеленетін жануар. Киіктің мүйізі мен тұяғынан дәрілік заттар жасалады. Мүйізінен пантокрин дәрісі алынса, тұяғын күйдіріп, күлін дәрі ретінде пайдаланады.

Киіктердің тобының ішінде ең іріс – Бетпақдала-Арыс тобы. Бұл топ Қарағанды, Ақтөбе, Қызылорда, Жамбыл облыстарының елсіз территорияларын мекендейді. 2008 жылы арнайы жануарлар әлемін қорғайтын ҚБСА қызметі мониторинг жүргізуде. Мамандар құралай саны, жынысы, өлімі және дүниеге келу орындары туралы ақпараттар жинаған.

Қорыта кетсек, бүгінгі күні еліміздегі ақбөкендер қамқорлықты талап етеді. Ақбөкендерді қорғау бүгінгінің, ертеңінің өзекті мәселесі. Сондықтан да ақбөкендерді қорғау санын көбейту тек «Ырғыз-Торғай» мемлекеттік табиғи резерватының ғана емес, адамзаттың ең басты жұмысы болып табылады.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Бимағамбетова Г.Ә., Әбдіреймова Н., «Ырғыз-Торғай» МТР кездесетін құстардың биологандылығы, «Жастар және ғылым: елдің индустриалды-инновациялық дамуы» атты жас ғалымдар мен студенттердің IX халықаралық ғылыми конференциясының материалдары, 2013 жыл, I том, 23–24 б.

2 www.wikipedia.org/wiki/

3 www.irgiz.aktobe.gov.kz

4 Отырар. Энциклопедия. – Алматы Арыс» баспасы, 2005. – 328 б.